

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қызметке байланысты құқық бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп алу туралы ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 285 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 14 қаңтар N 664 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 13 шілдедегі N 279 қаулысымен. ~V011623

Банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында және қолданылып жүрген заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қызметке байланысты құқық бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп алу туралы ереже бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.К.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қызметке байланысты құқық бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп алу туралы ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.К.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік қызметке байланысты құқық бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп алу туралы ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының  
1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Банктік қызметке байланысты  
құқық бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп  
алу туралы ережесі

Осы Ереже Қазақ КСР-нің әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Z952155\_, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Z952444\_ Заң күші бар Жарлықтарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) екінші деңгейдегі банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі - банктер), сондай-ақ олардың лауазымды адамдарына банктік қызметке байланысты заң бұзғаны үшін айыппұл салу және өндіріп алуда тәртібін белгілейді.

#### 1-тaraу. Жалпы ережелер

- Банк заңдарын бұзғаны үшін айыпты болған банктер және олардың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.
  - Ұлттық Банк банктерге және олардың лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының банктік заңдарында белгіленген негіз бойынша немесе мүдделі адамдардың арызы бойынша сот арқылы айыппұл салады және өндіріп алады.
- Қолданылып жүрген заңға сәйкес банкке шара қолданған жағдайда оның лауазымды адамдары осылай заңды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке

тартылмайды.

3. Банктік қызметке байланысты заң бұзғаны үшін қолданылып жүрген заң белгілеген негізде және тәртіппен сот тәртібімен айыппұл (өсімпұл) салынады және өндіріп алынады.

4. Айыппұл салу түрінде банкке тәртіптік шара қолдану қолданылып жүрген банк зандарында көзделген басқа санкциялар мен ықпал етудің шектеулі шараларын банкке қолдану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

5. Айыппұл салуға негіз болып табылатын заң бұзушылық жасалғаны туралы Ұлттық Банк тиісті акт (хаттама) жасап, оған қажетті құжаттарды тіркейді. Анықталған заң бұзушылық туралы акт (хаттама) жасауға Ұлттық Банктің банктерді қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлері құқылы.

6. Анықталған заң бұзушылық туралы акт (хаттама) екі данада жасалады және міндетті түрде мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) оның жасалған күні және орны;
- 2) акт (хаттама) жасаған адамның лауазымы, аты-жөні;
- 3) заң бұзушылықты анықтау көзі (бухгалтерлік, банктік есеп берудің тексерілуі немесе жасалған инспекцияның қорытындысы);
- 4) заң бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін нормативтік құқықтық акт;
- 5) банктің заң бұзған лауазымды адамдары;
- 6) басқа да қажетті мәліметтер.

7. Анықталған заң бұзушылық туралы актідегі (хаттама) мәліметтер қызмет үшін пайдалануға арналған ақпарат болып табылады және занда тікелей көзделген жағдайда болмаса, үшінші адамға берілуге тиісті емес.

8. Айыппұл өндіріп алу жөніндегі материалды қараудың нәтижесі туралы Ұлттық Банк жазбаша түрде банкке, банктің әкімшілік жауапкершілікке тартылған лауазымды адамына хабарлауға міндетті.

Ұлттық Банктің айыппұл өндіріп алу жөніндегі материал бойынша шешімі осы Ереженің 9-тармағында белгіленген мерзімде күшіне енеді.

9. Айыппұл салу және өндіріп алу жөніндегі тиісті қаулымен банк келіспеген жағдайда банктің әкімшілік жауапкершілікке тартылған лауазымды адамы осы шешімге байланысты бір ай мерзім ішінде сотқа беруге құқылы.

Банк, банктің әкімшілік жауапкершілікке тартылған лауазымды адамы сот тәртібімен аталған шешімге байланысты шағымданған жағдайда қабылданған қаулының орындалуы дауды сот қарағанға дейін тоқтатыла тұрады.

10. Ұлттық Банктің банктерді қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесі (бұдан әрі - банктерді қадағалау бөлімшесі) банктерге және банктің лауазымды адамдарына салынатын айып санкцияларының есебін жүргізеді, ол тиісті реестрлерде көрсетіледі (N 1, 2 қосымша).

11. Банк зандарының талаптарын бұзған тұлғаны (банк пен оның лауазымды

адамы) анықтағанда Ұлттық Банк әдетте мына өлшемдерді ескереді:

- 1) айыбының ауырлығы;
- 2) жасалған заң бұзушылықтың үздіксіздігі;
- 3) заң бұзушылықтың болатын зардалтары және ауырлығы;
- 4) тұлғаның айыптылығын шынайы айқындауға мүмкіндік беретін басқа да өлшемдер.

2-тaraу. Ұлттық Банктің банктерге айыппұл салу және өндіріп алу жөніндегі материалдарды ресімдеу және қарau тәртібі

12. Ұлттық Банктің банктерді қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлері заң бұзушылық анықталғаннан кейін бір апта мерзім ішінде анықталған заң бұзушылық туралы акт (хаттама) жасауға міндетті (N 3 қосымша).

Актіге (хаттамаға) оны жасаған адам қол қояды, сондай-ақ банк Басқармасының Төрағасы (атқарушы органның басшысы) өзіне қатысты жасалатын хаттама жасаған адам не оның орнындағы адам қол қояды.

13. Банкке айып санкцияларын қолдануға негіз болып табылатын заң бұзушылық анықталған жағдайда (банктердің қызметіне инспекция жасау (тексеру) кезінде анықталған заң бұзушылықты есептемегендеге) банкке Ұлттық Банк үш күннің ішінде тиісті хабарлама жібереді.

14. Актіге (хаттамаға) банк Басқармасының Төрағасы (атқарушы органның басшысы) немесе оның орнындағы адам қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған бұл туралы жазба жасалады. Осы орайда банк бес күн ішінде Ұлттық Банкке актіге (хаттамаға) қоса тіркелген жазбаша түсіндірмені және хаттаманың мазмұны жөнінде ескертпелерді ұсынуға құқылы, оларды банк хаттамаға қол қоюдан бас тартқан себебін жазып, түсіндіруге тиіс.

15. Жазбаша түсіндірмелер мен ескертпелер Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшелерінде банктің өкілдерін шақырып та шақырмай да қаралады.

16. Барлық қажетті құжаттарды қарап болған соң банктерді қадағалау бөлімшесі тиісті қорытынды жасайды.

Айыппұл салу және өндіріп алу туралы қорытындыда банктің қаржылық жағдайы туралы мәліметтен және заң бұзушылықтың мәні туралы ақпараттан басқа, банктен өндіріп алынатын айыппұлдың болжалды сомасы, сондай-ақ қажет болса, банктің жазбаша түсіндірмелерінен бас тартудың негіздемесі болуға тиіс.

Ұлттық Банктің Заң департаменті алдын ала келісілгеннен кейін, айып салу және өндіріп алу туралы қорытындыға банктерді қадағалау бөлімшесінің басшысы қол қояды.

17. Банктерді қадағалау бөлімшесі Ұлттық Банктің Төрағасының тиісті қорытындысымен бірге Ұлттық Банк Басқармасының қарауына енгізу үшін анықталған заң бұзушылық туралы актіні (хаттаманы) және осы мәселе бойынша басқа материалдарды тапсырады.

18. Ұлттық Банктің Төрағасы немесе банктерді қадағалау департаментіне жетекшілік ететін оның орынбасары (бұдан әрі - орынбасар) анықталған заң бұзушылық туралы материалдарды Ұлттық Банк Басқармасы қарағанға дейін осы мәселені Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге құқылы, оның шешімі ақыл-кеңес сипатында болады.

19. Банкке айыппұл санкцияларын қолдану туралы материалдарды қараудың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк Басқармасы тиісті шешім қабылдайды.

Қабылданған шешім Басқарма қаулысы түрінде ресімделеді, онда міндettі түрде банктен өндіріп алынатын айыппұл сомасы көрсетілуге тиіс.

20. Ұлттық Банк Басқармасы банктен өндіріп алу туралы берілген материал бойынша қажетті құжаттар қарауға түскен күннен бастап 30 күн ішінде, бірақ заң бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей шешім қабылдайды.

21. Банк тиісті қаулыны банкке жіберген күннен бастап он банктік күн ішінде айыппұл сомасын республикалық бюджетке аударуға міндettі (осы Ереженің 9-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып).

Банк айыппұлды төлегеннен кейін Ұлттық Банкке оның айыппұлды төлегенін растайтын құжаттың банк куәландырған көшірмесімен бірге тіркеп, тиісті хабарлама жібереді.

3-тaraу. Ұлттық Банктің банктердің лауазымды адамдарына  
әкімшілік тәртіп шараларын белгілеу және қолдану  
туралы материалдарды ресімдеу және қарау тәртібі

22. Қазақстан Республикасының банктік заңдарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке банктің мынадай лауазымды адамдары тартылады: бірінші басшы және оның орынбасарлары (оның ішінде филиалдың), бас бухгалтер және оның орынбасарлары (оның ішінде филиалдың).

23. Ұлттық Банктің банктерді қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлері банктің лауазымды қызметкерлері жасаған заң бұзушылықты анықтағаннан кейінгі бір апта мерзімнің ішінде анықталған заң бұзушылық туралы акт (хаттама) жасауға міндettі (N 4 қосымша).

Актіге (хаттамаға) оны жасаған адам, сондай-ақ банктің өзіне қатысты хаттама жасалған лауазымды адамы қол қояды.

24. Банктің лауазымды адамына айып санкцияларын қолдануға негіз болып

табылатын заң бұзушылық анықталған жағдайда (банктердің қызметіне инспекция жасау (тексеру) кезінде анықталған заң бұзушылықты есептемегендे) банктің лауазымды адамына Ұлттық Банк үш күnnің ішінде тиісті хабарлама жібереді.

25. Актіге (хаттамаға) банктің заң бұзушылық жасаған лауазымды адамы қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған бұл туралы жазба жасалады. Осы орайда банктің лауазымды адамы бес күн ішінде Ұлттық Банкке актіге (хаттамаға) қоса тіркелген жазбаша түсіндірмені және хаттаманың мазмұны жөнінде ескертпелерді ұсынуға құқылы, оларда өзінің хаттамаға қол қоюдан бас тартқан себебін жазып, түсіндіруге тиіс.

26. Жазбаша түсіндірмелер мен ескертпелерді Ұлттық Банктің банктерді қадағалау бөлімшесі заң департаментімен бірлесе отырып банктің өзіне қатысты акт (хаттама) жасалған лауазымды адамын шақырып та шақырмай да қарайды.

27. Барлық қажетті құжаттарды қарап болған соң Ұлттық Банктің банктерді қадағалауды жүзеге асыратын бөлімшесі тиісті қорытынды жасайды.

Айыппұл салу және өндіріп алу туралы қорытындыда лауазымды адамның заң бұзушылығының мәні туралы ақпараттан басқа, банктің лауазымды адамнан өндіріп алынатын айыппұлдың болжалды сомасы, сондай-ақ қажет болса, банктің лауазымды адамының жазбаша түсіндірмелерінен бас тартудың негіздемесі болуға тиіс.

Ұлттық Банктің Заң департаментімен алдын ала келісілгеннен кейін, айып салу және өндіріп алу туралы қорытындыға банктер қадағалау бөлімшесінің басшысы қол қояды.

28. Банктерді қадағалау бөлімшесі анықталған заң бұзушылық туралы актіні (хаттаманы) және осы мәселе бойынша басқа материалдарды тиісті қорытындысымен бірге Ұлттық Банк Төрағасының немесе орынбасарының қарауына тапсырап.

29. Ұлттық Банктің Төрағасы немесе оның орынбасары анықталған заң бұзушылық туралы материалдарды өзі қараганға дейін осы мәселені Ұлттық Банктің Директорлар кеңесінің қарауына енгізуге құқылы, оның шешімі ақыл-кеңес сипатында болады.

30. Ұлттық Банк Төрағасы немесе оның орынбасары осы мәселе туралы

қаулы түрінде шешім қабылдайды, қаулыда банктің лауазымды адамынан өндіріп алынатын айыппұл сомасы міндетті түрде көрсетілуге тиіс (N 5 қосымша).

31. Ұлттық Банк Төрағасы, оның орынбасары өз өкілеттігі шегінде банктің лауазымды адамынан айыппұл өндіріп алу туралы берілген материал бойынша қажетті құжаттар қарауға түсken күннен бастап 30 күн ішінде, бірақ

зан бұзушылық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірмей шешім қабылдайды.

32. Банктің лауазымды адамы тиісті қаулыны оған жіберген күннен бастап он банктік күн ішінде айыппұл сомасын республикалық бюджетке аударуга міндettі (осы Ереженің 9-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып).

#### 4-тaraу. Қорытынды ережелер

33. Айыппұл салу және өндіріп алу туралы қаулыны орындағаны үшін зан бұзушы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген зандарға сәйкес жауап береді.

34. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы зандарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
банктік қызметке байланысты құқық  
бұзғаны үшін айыппұл салу және  
өндіріп алу туралы Ережесіне  
N 1 Қосымша

Банктерге салынатын айыппұл санкцияларының  
Тізімі

---

|N|Банктің |Айыппұл салу | ҚРҰБ |Актінің|Айыппұл |Салынған|Орындалған|Бас.  
| |толық |және өндіріп |Басқар.|N және | салу |айыппұл | күні | қа.  
| |атауы |алу туралы |масы |оның |негізде.|сомасы | | |лары  
	және ме.	Басқарманың	қаулы.	жасал.	месі														
	кен-жайы	қаулысының	сының	ған															

---

Қазақстан Республикасы Үлттық Банкі

Басқармасының 1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Үлттық Банкінің  
банктік қызметке байланысты құқық  
бұзғаны үшін айыппұл салу және  
өндіріп алу туралы Ережесіне  
N 2 Қосымша

Банктің лауазымды адамдарына салынатын айыппұл санкцияларын салу

## Тізімі

р/н   Аты-жөні,   Айыппұл салу және   Қаулыны   Актінің   Айыппұл   Салынған   Орын   Бас
лауазымы   өндіріп алу турға,   банктің   N және   салу   айыппұл   дал.   қа
лы қаулының күні   лауазым,   оны жа,   негіз,   сомасы   ған
және нөмері   ды ада,   саған   демесі     күн
мына   күн
жеткіз,
ген күн

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
банктік қызметке байланысты құқық  
бұзғаны үшін айыппұл салу және  
өндіріп алу туралы Ережесіне  
N 3 Қосымша

қызметте қолдану үшін

Банк қызметіне байланысты анықталған

құқық бұзушылық туралы  
Акт (хаттама)

Хаттаманың жасалған күні және орны \_\_\_\_\_

Ұлттық Банктің банктік қадағалауды жүргізуі қызметкерлері) \_\_\_\_\_

(Аты-жөні, лауазымы)

Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Зан күші  
бар Жарлығының 74-8 бабын басшылыққа ала отырып, нәтижесінде: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

мынадай құқық бұзушылықты(тарды) байқады \_\_\_\_\_

(банктің толық атауы)  
банкке айыппұл санкциясын қолдануға негіз болған \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Басқа мәліметтер \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Ұлттық Банктің хаттаманы  
жасаған қызметкерінің қолы

Банк Басқармасы  
Төрағасының қолы  
(орындаушы орган басшысы)

---

М.О.

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
банктік қызметке байланысты құқық  
бұзғаны үшін айыппұл салу және  
өндіріп алу туралы Ережесіне  
N 4 Қосымша

қызметте қолдану үшін

Банк қызметіне байланысты анықталған

құқық бұзушылық туралы  
Акт (хаттама)

Хаттаманың жасалған күні және орны \_\_\_\_\_

Ұлттық Банктің банктік қадағалауды жүргізуші қызметкер(лері)\_\_\_\_\_

(Аты-жөні, лауазымы)

Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Заң күші  
бар Жарлығының 74-8 бабын басшылыққа ала отырып, нәтижесінде: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

мынадай құқық бұзушылықты(тарды) байқады\_\_\_\_\_

(банктің құқық бұзушылықты (тарды) байқады)\_\_\_\_\_

(банктің құқық бұзған адамының аты-жөні)

(қызметінің атауы)  
банктің лауазымды адамына айыппұл санкциясын қолдануға негіз болған\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Басқа мәліметтер\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Ұлттық Банктің хаттаманы  
жасаған қызметкерінің қолы

Банктің лауазымды адамының  
қолы

М.О.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 1998 жылғы 18 желтоқсан  
N 285 қаулысымен бекітілген  
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
банктік қызметке байланысты құқық  
бұзғаны үшін айыппұл салу және  
өндіріп алу туралы Ережесіне  
N 5 Қосымша

Өндіріп аудын әкімшілік шараларын қолдану туралы

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_" N \_\_\_\_\_

Қаулы

---

(банктің құқық бұзғаны лауазымды адамының аты-жөні, атқаратын қызметі)  
банк қызметіне байланысты құқық бұзғаны үшін

Банктің лауазымды адамына айыппұл санкцияларын қолдануға негіз болып  
табылған анықталған құқық бұзу салдарынан және Қазақстан Республикасы  
Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі  
туралы" Зан күші бар Жарлығының 74-8-бабының негізінде:

1. \_\_\_\_\_  
(банктің құқық бұзған лауазымды адамының аты-жөні)

---

(банк қызметіне байланысты құқық бұзу тізбесі)

Y

---

---

---

2.

(банктік қадағалауды жүзеге асыратын Ұлттық Банктің бөлімшесі)  
Ұш күндік мерзімде осы қаулыны аталған лауазымды адамға орындауы үшін  
жіберсін.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау банктік қадағалауды жүзеге асыратын  
Ұлттық Банк бөлімшесінің басшысына \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)  
жүктелсін.

Ұлттық Банк  
Төрағасы  
(Төрағаның орынбасары)

Оқығандар:

Багарова Ж.А.  
Икебаева А.Ж.